«АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ»ММ
«BILIM QAZYNA»КММ
«№21 «КӘУСАР БҰЛАҚ » БӨБЕКЖАЙ-БАЛАБАҚШАСЫ» МКҚК

«Ақтөбе қаласы білім бөлімі»ММ
2026 жылғы «__» 08
№ 566 бұйрығымен
БЕКІТІЛДІ

Б А Ғ Д А Р Л А М А
«Мектепке алғашқы қадам»
(ересек, мектепалды топтары)

Актобе 2026

Бағдарлама негізі: Мектеп жасына дейінгі балаларды сауат ашуға даярлау. – Алматы. 2008ж

Құрастырған : тәрбиеші Балмагамбетова Э.А.

№21 «Кәусар бұлақ» бөбекжай-балабақшасы педагогикалық кеңесінде «Мектепке алғашқы қадам» бағдарламасы талқыланды

Хаттама № 1 «25» 08 2026ж

№21«Кәусар бұлақ» бөбекжай-балабақшасы
меңгеруші: А.Т. Казмұханбет

Қалалық сараптау комиссиясының отырысында **«Мектепке алғашқы қадам»** бағдарламасы мақұлданды және бекітілді.

Хаттама № 2 «31» 08 2026 ж

Сараптау комиссиясының төрағасы: М.О. Косымбаева

Ақтөбе қаласы № «Кәусар бұлақ» мектепке дейінгі бөбекжай-балабақшасының
«Мектепке алғашқы қадам » бағдарламасына

ПІКІР

Ұсынылып отырған «Мектепке алғашқы қадам» бағдарламасы мектепке дейінгі ересек жастағы балаларды мектепке жан-жақты даярлауға бағытталған. Бағдарламаның мазмұны балалардың сауат ашу негіздерін меңгеруіне, тілдік қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруға, сөздік қорын молайтуға және оқу әрекетіне деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Бағдарламаның негізгі мақсаты – балалардың дыбыстарды дұрыс айтуын, сөздегі дыбыстарды ажыратуын, дыбыстық талдау жасауын, буынға бөлуін, сөз және сөйлем туралы түсініктерін қалыптастыру, сондай-ақ әріптермен таныстыру арқылы сауат ашуға алғашқы қадам жасау.

Сауат ашу жұмыстары барысында балалар сөздің дыбыстық құрамын анықтауға, дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажыратуға, сөздерді буынға бөлуге, берілген дыбысқа сөз ойлап айтуға үйренеді. Әртүрлі ойындар, көрнекіліктер, шығармашылық тапсырмалар мен қызықты жаттығулар арқылы балалардың есте сақтау, ойлау, зейін қою және сөйлеу қабілеттері дамиды.

Бағдарламада баланың жас ерекшелігі ескеріліп, тапсырмалар қарапайымнан күрделіге қарай жүйелі түрде берілген. Бұл баланың оқу қызметіне қызығушылығын арттырып, өз ойын еркін жеткізуіне және мектепте білім алуға психологиялық тұрғыдан дайын болуына оң ықпал етеді.

«Мектепке алғашқы қадам» бағдарламасы мектепалды жастағы балалардың сауат ашу дағдыларын қалыптастырумен қатар, олардың танымдық белсенділігін, тілдік қабілетін және дербес әрекетін дамытуға бағытталған. Бағдарламаны мектепке дейінгі ұйымдардың мектепалды даярлық және ересек топтарында қолдануға болады.

Бағдарламаның мазмұны мектепке дейінгі балалардың сауат ашу негіздерін меңгеруіне тиімді жағдай жасап, мектепке сапалы дайындықты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді деп есептеймін.

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі»ММ
«BILIM QAZYNA» КММ-нің әдіскері: **К.И.Ерекеева**

ТҮСІНІК ХАТ

Мектепке дейінгі кезең – баланың тілдік және танымдық қабілеттері қарқынды қалыптасатын маңызды кезең. 4–5 жаста баланың сөздік қоры кеңейіп, дыбыстарды есту және ажырату қабілеті жетіле түседі. Осыған байланысты сауат ашуға дайындық жұмыстарын баланың күнделікті сөйлеу әрекетімен байланыстыра ұйымдастырудың маңызы зор.

«Сауат ашу негіздері» бағдарламасы 4–5 жастағы балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып әзірленіп, баланы оқу мен жазуға тікелей міндеттемей, алдымен оның сөйлеу тілін, фонематикалық естуін, сөздік қорын, ұсақ қол моторикасын және танымдық белсенділігін дамытуға бағытталады.

Бағдарлама барысында бала дыбыс пен сөзді тыңдауға, сөздерді дұрыс және анық айтуға, сөздердің мағынасын түсінуге, сөз ішіндегі дыбыстарға назар аударуға үйренеді. Қарапайым сөздерді буынға бөлу, сөздің бірінші дыбысын анықтау, дыбыстарды салыстыру сияқты жаттығулар арқылы фонематикалық қабылдау қабілеті қалыптасады.

Балалардың байланыстырып сөйлеуін дамыту үшін суреттер, ойыншықтар, заттық көрнекіліктер және түрлі жағдаяттар пайдаланылады. Балалар сурет бойынша әңгіме құрастырып, заттарды сипаттап, сұрақтарға жауап беріп, өз ойын қысқа сөйлемдермен жеткізуге жаттығады.

Сауат ашуға даярлықтың маңызды бөлігі – графикалық дағдыларды қалыптастыру. Бағдарламада саусақ жаттығулары, нүктелерді қосу, сызықтарды жүргізу, үлгі бойынша бастыру, өрнектер салу сияқты тапсырмалар қарастырылады. Бұл жұмыстар баланың қол саусақтарының қимыл үйлесімділігін жетілдіріп, жазуға психологиялық және физиологиялық тұрғыдан дайындалуына мүмкіндік береді.

Бағдарламаның мазмұны ойын арқылы оқыту қағидатына негізделеді. Баланың жас ерекшелігіне сай қызықты тапсырмалар, дидактикалық ойындар, жұмбақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар, суреттермен жұмыс және қимылды жаттығулар сабақтың негізгі құралдары ретінде қолданылады.

Бағдарламаның мақсаты: 4–5 жастағы балалардың ауызша сөйлеуін жетілдіру, дыбыстық қабылдауын қалыптастыру, сөздік қорын молайту, байланыстырып сөйлеуін дамыту және сауат ашуға қажетті бастапқы оқу-жазу дағдыларына дайындау.

Бағдарламаның міндеттері: баланың сөздік қорын жаңа сөздермен толықтыру;
дұрыс дыбыстау және анық сөйлеу дағдыларын қалыптастыру;
тыңдау және дыбысты есту қабілетін жетілдіру;
сөздегі дыбыстарды ажыратуға үйрету;сөздің бірінші дыбысын анықтауға жаттықтыру;дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажыратуға дайындау;
сөздерді буынға бөлуге үйрету;сөз бен сөйлем туралы түсініктерін кеңейту;
сурет бойынша қысқа сөйлемдер құрастыруға үйрету;
сұрақты тыңдап, мағынасына қарай жауап беруге қалыптастыру;
есте сақтау, зейін, ойлау және қиял қабілеттерін дамыту;
ұсақ қол моторикасын дамыту;жазу құралдарын дұрыс пайдалануға үйрету;
графикалық сызықтар мен қарапайым өрнектерді орындауға жаттықтыру;
сауат ашуға және оқу әрекетіне жағымды қызығушылық қалыптастыру.

Бағдарламаның мазмұны бірнеше өзара байланысты бағыт бойынша жүзеге асырылады:

Сөйлеуге даярлық: сөздік қорды молайту, дұрыс сөйлеу, сұрақ-жауап, сурет бойынша әңгімелеу.

Бағдарлама ересек және мектепалды топтары үшін жасақталған , сағат саны **72 сағат,** аптасына **2 рет.** Бағдарлама жүзеге асыру мерзімі **-2 жыл**

Бағдарлама жоспары
(ересек топтар)

№	Тақырып	Сағат саны
1	«Сауат ашу әлеміне қош келдің!»	2
2	«Сөз дегеніміз не?»	2
3	«Суретті ата»	2
4	«Кім? Не?»	2
5	«Дыбыстарды тыңдайық»	2
6	«Дауысымды тыңда»	2
7	«Дыбыс қайдан шықты?»	2
8	«Дауысты дыбыстармен танысамыз»	2
9	«А дыбысымен танысу»	2
10	«О дыбысымен танысу»	2
11	«М дыбысын тыңда»	2
12	«С дыбысын тап»	2
13	«Сөздерді буынға бөлеміз»	2
14	«Қысқа және ұзын сөздер»	2
15	«Бір буынды сөздер»	2
16	«Екі буынды сөздер»	2
17	«Сөздің бірінші дыбысы»	2
18	«Сөздің соңғы дыбысы»	2
19	«Ұқсас сөздерді тап»	2
20	«Сөздерді салыстырайық»	2
21	«Сөйлеммен танысайық»	2
22	«Сөйлем құраймыз»	2
23	«Сурет бойынша сөйлейік»	2
24	«Сөйлемді тыңда»	2
25	«Сөзді тап»	2
26	«Сиқырлы қапшық»	2
27	«Жұмбақтарды шешейік»	2
28	«Сөзді аяқта»	2
29	«Әріппен алғашқы таныстық»	2
30	«Әріпті суретпен сәйкестендір»	2
31	«Қолымызды жазуға дайындаймыз»	2
32	«Түзу сызықтар»	2
33	«Ирек және дөңгелек сызықтар»	2
34	«Суретті аяқта»	2
35	«Дыбыстар мен сөздер әлемі»	2
35	«Дыбыстар мен сөздер әлемі»	2
	Барлығы	72 сағат

Бағдарлама мазмұны

1 «Сауат ашу әлеміне қош келдің!» Балаларды сауат ашу әрекетімен таныстыру. Тыңдау, сөйлеу, жауап беру дағдыларын қалыптастыру.
2 «Сөз дегеніміз не?» Заттардың атауын сөзбен айту. Суреттегі заттарды атап, сөздерді қайталау.
3 «Суретті ата» Сурет бойынша заттардың атауын айту. Балалардың сөздік қорын молайту.
4 «Кім? Не?» Адамдар мен жануарлардың, заттардың атауларын ажырату. Қарапайым сұрақтарға жауап беру.
5 «Дыбыстарды тыңдайық» Қоршаған ортадағы дыбыстарды тыңдау және ажырату: құс, көлік, жануар, табиғат дыбыстары.
6 «Дауысымды тыңда» Дыбысты дұрыс тыңдауға, қайталауға және есту арқылы ажыратуға жаттықтыру.
7 «Дыбыс қайдан шықты?» Дыбыстың бағытын анықтау. Есту зейінін және есте сақтау қабілетін дамыту.
8 «Дауысты дыбыстармен танысамыз» Дауысты дыбыстарды созып айтуға жаттықтыру. Дыбысты есту арқылы ажырату.
9 «А дыбысымен танысу» А дыбысын тыңдау, дұрыс айту. А дыбысы кездесетін сөздерді атау.
10 «О дыбысымен танысу» О дыбысын дұрыс айту. О дыбысы бар қарапайым сөздерді қайталау.
11 «М дыбысын тыңда» М дыбысын есту және қайталау. М дыбысынан басталатын сөздермен танысу.
12 «С дыбысын тап» С дыбысын тыңдап, сөз ішінен ажырату. С дыбысы бар сөздерді атау.
13 «Сөздерді буынға бөлеміз» Сөздерді шапалақтау арқылы буынға бөлуге алғашқы қадам жасау.
14 «Қысқа және ұзын сөздер» Сөздердің айтылу ұзақтығын салыстыру. Қысқа және ұзын сөздерді ажырату.
15 «Бір буынды сөздер» Қарапайым бір буынды сөздерді тыңдау және қайталау.
16 «Екі буынды сөздер» Екі буынды сөздерді шапалақ арқылы ажырату. Сөздерді анық айтуға үйрету.
17 «Сөздің бірінші дыбысы» Қарапайым сөздердің бірінші дыбысын тыңдап анықтауға жаттықтыру.
18 «Сөздің соңғы дыбысы» Сөздің соңындағы дыбысты естуге алғашқы дайындық.
19 «Ұқсас сөздерді тап» Дыбысталуы ұқсас сөздерді тыңдау және ажырату.
20 «Сөздерді салыстырайық» Екі сөзді тыңдап, ұқсастығы мен айырмашылығын анықтау.
21 «Сөйлеммен танысайық» Сөйлем туралы қарапайым түсінік беру. Бірнеше сөзді біріктіріп айту.
22 «Сөйлем құраймыз» Сурет бойынша қарапайым сөйлем құрауға үйрету. Мысалы: «Бала ойнады».
23 «Сурет бойынша сөйлейік» Бір суретке қарап, 1–2 қарапайым сөйлем айтуға үйрету.
24 «Сөйлемді тыңда» Педагог айтқан қарапайым сөйлемді мұқият тыңдап, мағынасын түсіну.

25 «Сөзді тап» Педагог атаған сөзге сәйкес суретті табу. Тыңдау және есте сақтау қабілетін дамыту.
26 «Сиқырлы қапшық» Қапшықтағы затты сипап немесе суреті арқылы анықтап, атауын айту.
27 «Жұмбақтарды шешейік» Қарапайым жұмбақтарды шешу. Жауаптың атауын анық және дұрыс айту.
28 «Сөзді аяқта» Педагог бастаған таныс сөзді аяқтау. Дыбыстық есту қабілетін дамыту.
29 «Әріппен алғашқы таныстық» Әріптің дыбыстан өзгеше екенін қарапайым түрде түсіндіру. Балаларға таныс әріптерді көрсету.
30 «Әріпті суретпен сәйкестендір»Қарапайым әріп бейнесін тиісті суретпен байланыстыру.
31 «Қолымызды жазуға дайындаймыз» Дұрыс отыруға, қарындашты дұрыс ұстауға үйрету.
32 «Түзу сызықтар» Түзу көлденең және тік сызықтарды жүргізу. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту.
33 «Ирек және дөңгелек сызықтар» Ирек, доға, дөңгелек сызықтарды салу. Қол қимылының үйлесімділігін қалыптастыру.
34 «Суретті аяқта» Үлгі бойынша сызықтарды жүргізіп, қарапайым суретті толықтыру.
35 «Дыбыстар мен сөздер әлемі» Өтілген дыбыстарды, сөздерді, буындарды ойын арқылы қайталау.
36 «Сауат ашуға алғашқы қадам» Жыл бойы меңгерген білімдерді бекіту. Дыбысты тыңдау, сөзді атау, буынға бөлу, сөйлем құрау және графикалық жаттығуларды қайталау.

Бағдарлама жоспары

(мектепалды топтар)

№	Тақырыбы	Сағат саны
1	«Дыбыстар әлеміне саяхат»	2
2	«Сөздер сөйлейді»	2
3	«Сөйлем құрайық»	2
4	«Сөзді тыңда, дыбысты тап»	2
5	«Дауысты дыбыстар елі»	2
6	«Дауыссыз дыбыстар әлемі»	2
7	«Сөздің басында қандай дыбыс?»	2
8	«Сөздің соңғы дыбысы»	2
9	«Сиқырлы суреттер»	2
10	«Сөзді буынға бөлейік»	2
11	«Буындардан сөз құра»	2
12	«Қай сөз ұзын?»	2
13	«А дыбысын іздейік»	2
14	«О дыбысы және әрпі»	2
15	«М дыбысы – менің досым»	2
16	«Н дыбысын таны»	2
17	«С дыбысы сыбырлайды»	2
18	«Т дыбысы»	2
19	«Б дыбысы»	2
20	«П дыбысы»	2
21	«Қ дыбысы»	2
22	«К дыбысы»	2
23	«Р дыбысы»	2
24	«Л дыбысы»	2
25	«Жұмбақ сөздер»	2
26	«Дыбыстарды салыстыр»	2
27	«Дыбыстық талдау жасайық»	2
28	«Сөз сызбасын құрайық»	2
29	«Сөйлемнің сызбасы»	2
30	«Сурет бойынша әңгіме»	2
31	«Сөзді тап»	2
32	«Әріпті таны»	2
33	«Буын оқуға дайындаламыз»	2
34	«Қарапайым сөздерді оқуға дайындық»	2
35	«Көркем жазуға дайындық»	2
36	«Сауат ашу мерекесі»	2
	Барлығы	72 сағат

Бағдарлама мазмұны

1 «Сауат ашу әлеміне саяхат» Балаларды сауат ашу негіздерімен таныстыру. Сөз, сөйлем, дыбыс туралы алғашқы түсінік қалыптатыру.
2 «Сөз және сөйлем» Сөздің мағынасын түсіндіру. Сөздерден сөйлем құрауға үйрету. Сөйлемді сөздерге бөлу.
3 «Сөйлем» Сөйлемнің сөздерден құралатынын түсіндіру. Сөйлемді тыңдау, айту және сызба арқылы көрсету.
4 «Дыбыс дегеніміз не?» Дыбыс туралы түсінік беру. Қоршаған ортадағы түрлі дыбыстарды ажырату.
5 «Дауысты дыбыстар» Дауысты дыбыстармен таныстыру. Дыбысты дұрыс айту, сөз ішінен дауысты дыбысты табу.
6 «Дауыссыз дыбыстар» Дауыссыз дыбыстар туралы түсінік қалыптастыру. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату.
7 «А дыбысы және әрпі» А дыбысын дұрыс айту, сөз ішінен табу. А әрпімен таныстыру, жазылуын көрсету.
8 «Ә дыбысы және әрпі» Ә дыбысын ажырату, сөздерден табу. Ә әрпін тану және жазуға дайындық.
9 «Б дыбысы және әрпі» Б дыбысының айтылуын меңгерту. Б дыбысы кездесетін сөздерді атау. Әріп бейнесін тану.
10 «М дыбысы және әрпі» М дыбысын сөз ішінен табу. М әрпімен таныстыру. Буын құрауға дайындық.
11 «Н дыбысы және әрпі» Н дыбысын дұрыс айту. Сөздің басында, ортасында кездесетін орнын анықтау.
12 «П дыбысы және әрпі» П дыбысын ажырату. П әрпімен таныстыру. Қарапайым сөздерді дыбыстық талдау.
13 «Т дыбысы және әрпі» Т дыбысын сөзден табу. Т әрпінің баспа бейнесін тану.
14 «Қ дыбысы және әрпі» Қ дыбысын дұрыс айту және ажырату. Қ әрпімен таныстыру.
15 «К дыбысы және әрпі» К дыбысын сөз ішінен табу. К әрпін тану және жазу элементтерін орындау.
16 «С дыбысы және әрпі» С дыбысын ажырату. С әрпімен таныстыру. Сөздерді буынға бөлуге үйрету.
17 «Р дыбысы және әрпі» Р дыбысын дұрыс айту. Р дыбысының сөздегі орнын анықтау.
18 «Л дыбысы және әрпі» Л дыбысын ажырату. Л әрпімен таныстыру. Буындар құрастыру.
19 «О дыбысы және әрпі» О дауысты дыбысымен таныстыру. Сөзден О дыбысын табу.
20 «Ө дыбысы және әрпі» Ө дыбысын дұрыс айту, О дыбысынан ажырату. Ө әрпімен таныстыру.
21 «Ұ дыбысы және әрпі» Ұ дыбысын ажырату. Ұ әрпімен таныстыру, сөздерден табу.
22 «Ү дыбысы және әрпі» Ү дыбысын дұрыс айту және ажырату. Ү әрпімен таныстыру.
23 «Е дыбысы және әрпі» Е дыбысын сөз ішінен табу. Е әрпімен таныстыру.
24 «И дыбысы және әрпі» И дыбысын ажырату, сөздерден табу. И әрпімен таныстыру.

25 «Й дыбысы және әрпі» Й дыбысының ерекшелігімен таныстыру. Сөз ішінен табу.
26 «Ж дыбысы және әрпі» Ж дыбысын дұрыс айту. Ж әрпімен таныстыру, сөздер құрастыру.
27 «Ш дыбысы және әрпі» Ш дыбысын ажырату. Ш әрпімен таныстыру.
28 «Ч дыбысы және әрпі» Ч дыбысымен таныстыру. Сөз ішінен дыбыстың орнын анықтау.
29 «З дыбысы және әрпі» З дыбысын дұрыс айту. З әрпімен таныстыру және сөздерден табу.
30 «Дыбыстық талдау» Сөзді дыбыстарға бөлу. Дыбыстың сөздегі орнын анықтау. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату.
31 «Буын» Сөзді буынға бөлу. Бір, екі және бірнеше буынды сөздерді ажырату.
32 «Сөз құрау» Берілген дыбыстар мен буындардан қарапайым сөздер құрастыру.
33 «Сөйлем құрайық»Суреттер бойынша сөйлем құрау. Сөйлемдегі сөздердің ретін сақтау.
34 «Оқуға дайындық» Әріптерді тану, буындарды қосып оқу, қарапайым сөздерді оқуға дайындық.
35 «Жазуға дайындық» Қолды жазуға дайындау. Түзу, көлбеу, ирек сызықтарды жүргізу, әріп элементтерін жазу.
36 «Сауат ашу әлеміне саяхат» Жыл бойы өткен дыбыстар мен әріптерді, сөз, буын, сөйлем туралы білімдерді қайталау және бекіту.

Қолданылған әдебиеттер

Негізі әдебиеттер

1.Мектеп жасына дейінгі балаларды сауат ашуға даярлау. – Алматы. 2008ж
2.Сауат ашу негіздері. Мектепалды даярлық тобына арналған оқу-әдістемелік құрал. 2011ж
3.Сөйлеуді дамыту. Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған әдістемелік құрал.
4.Мектепке дейінгі балалардың тілін дамыту әдістемесі. – Алматы. 2006ж
5.Мектеп жасына дейінгі балалардың байланыстырып сөйлеуін дамыту. – Алматы.2003ж

Косымша әдебиеттер.

1Мектепке даярлау: жазуға және оқуға үйретуге дайындық жаттығулары. 2002 ж
2.Мектепалды даярлық топтарында ойын арқылы оқыту технологиясы.2003 ж
3.Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қабілеттерін дамыту әдістемесі.
4.Баланың мектепке психологиялық дайындығы. Әдістемелік құрал 2011 ж
5.Қазақ балалар әдебиеті. Мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған шығармалар жинағы. 2006ж